

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378
ББК 74.58
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.

ISBN 978–601–337–389–8

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНДЕ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ОҚУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ

Ә.Қ.Мүтәлі, А.Қадысқызы

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
халықаралық қатынастар факультеті
шетел тілдері кафедрасының оқытушылары

Аннотация: бұл мақалада, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінде **қазақ диаспорасы өкілдерінің оқу және әлеуметтік бейімделуі мәселесі баяндалған.**

Кілт сөздер: бейімделу, қазақ диаспорасы, қазақ тілі, орыс тілі, мәдениет.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап дүние жүзіндегі қазақ халқының рухани жаңғыруының, тұтастануы мен бірлесуінің орталығына айналды.

1992 жылы 23 қыркүйекте Министрлер кабинеті «Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезіндегі әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы» № 791 қаулысы қабылданды.

Шетелдегі қазақтар – қай елде тұрса да қазақ халқының құрамдас бір бөлігі. Яғни, қазақ халқының бүгіні мен болашағына байланысты қолға алынған кез-келген іс-шара оларға да тікелей қатысты. [1,177б]. Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінде қазақ диаспорасы өкілдерінің оқу және әлеуметтік бейімделуі туралы мәселелер зерттеудің өзектілігін және маңыздылығын артып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» №554 бұйрығына сәйкес 2017-2018 оқу жылынан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде дайындық бөлімшесі жұмыс істеп келеді. Шетелдік азаматтар (негізінде басым бөлігі қытайдан және моңғолиядан келген этникалық қазақтар) үш жылдан бері дайындық бөлімшесіне келіп оқуға түсіпоқып жатты..

Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінде қазақ диаспорасы өкілдерінің оқу және әлеуметтік бейімделуіне жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінің және де ортаның рөлі өте маңызды .

Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінің мақсаты мен міндеттері:

Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінің мақсаты: тыңдаушылардың болашақта мамандығы бойынша кәсіби білім бағдарламаларын меңгеруге қажетті білім, дағды және іскерлік деңгейлерін қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық бөлімінің міндеттері:

- шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерінің (ҚР азаматтары болып табымайтын ұлты қазақ адамдардың) Қазақстан Республикасының жоғары және орта кәсіптік оқу орындарына түсуі үшін, жалпы білім беру пәндері бойынша дайындық деңгейін арттыру және жағдай жасау;

- ары қарай мамандық бойынша үш тілде оқыту үшін ҚР азаматтарының тілдік дайындық деңгейін арттыру (қазақ, орыс, ағылшын);

- оқыту – тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстан халқының тарихы және мәдениетімен, университеттің ішкі тәртібімен, шетел азаматтарының ҚР-да болу ережелерімен, басқа да заң актілерімен, тыңдаушыларға қатысты құқықтары және міндеттерімен таныстыру.

Мұнда тыңдаушыларға емтихандарды сәтті тапсырып, сонымен қатар бәсекеге қабілетті талапкер болуына көмектесу үшін барлық жағдайды жасау.

Біздің мемлекетіміздің дамуының негізгі бағыттары «Қазақстан – 2030» стратегиясында сипатталған. Ол стратегияның жүзеге асуы үшін білімді, ақылды, дені сау және жаңа объектілерге тез бейімделетін мамандар керек. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның артықшылығы - халық сапасы, адам ресурстары...Біз өзіміздегі баға жетпес капиталды дамытып және сол дамуға жаңа да, өркениеттік жағдайлар туғызуымыз қажет», - деп тұжырымдайды [2].

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде дайындық бөлімшесі жұмыс басталғаннан бері осы мақсаттар мен міндеттерді орындап келеді. Сонымен қатар шетелдік қазақ диаспорасы өкілдеріне жақсы сапалы жатақханамен қамтамасыз етіп, жағдай жасап, қажетті білімдерін беріп тұрды.

Қазақ диаспорасы өкілдерінің оқу және әлеуметтік ортаға бейімделуі кезіндегі қиыншылықтары:

Тіл қарым қатынастың негізі болып табылады, сондықтан да Қазақстанға шетелден келген қазақ жастары орыс тілін білмеуден қиналатындарын айтады. Оқытушылардың сөзінше, оларға қазақ тілі мен тарихы да беймәлім.

Бұл жерде айта кететін жайт, қазір әлемде үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Монғолияда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Түкия мен Батыс Еуропада латиница, Қытайда, Иран мен Пәкістанда ескі қазақ алфавиті (төтеше жазу)[3].

Мәселен, қытай халық республикасынан келген жастардың қазақ тілі деңгейі әртүрлі. Таза қытай мектебінде білім алып келгендер төте жазуды да білмегендіктен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бейхабар. Дайындық бөліміне түсу үшін қазақ тілінен өз беттерінше дайындалған болады. Оларға кириллицаны меңгеріп жазып сызу үшін біршама уақытты талап етеді. Ал қазақ мектептен оқып келген жастардың қазақ тіліндегі сөйлеу қабілеті жоғары болғанымен, олар төте жазумен жазып үйренгендіктен, оларға қазақ тілі аса қиындық болмағанымен де кириллицаны меңгеру талап етілеті.

ҚХР және моңғолиядан келіп оқып жатқан қазақ жастарының басым бөлігінің орыс тілінде сөйлеу деңгейі өте төмен дәрежеде екенін оқытушылар жақсы біледі. Алайда қытайдан келген жастармен салыстырғанда моңғолиядан келген жастардың қазақша сөйлеу деңгейі жақсырақ әрі кириллицамен де жаза береді.

Тарих пәнін оқығанда шетелден келген қазақ жастары орыс тілін білмейтіндіктеріне байланысты, және де Ресей қармағына енгеннен кейінгі қазақ тарихында көп деген терминдер мен адам аттары, сонымен қатар мемлекет құрылысындағы өзгерістері орысша аталғандықтан, бұл пән де оларға қиын болып саналады.

Қазақ диаспорасы өкілдерін оқуға бейімдеу үрдісі:

Оқу жылының басында оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарлары, тәрбие жұмыс жоспарлары оқу-әдістемелік бөлімде қаралып, бекітіледі. Тыңдаушылармен жүргізілетін жұмыс осы жоспар негізінде ұйымдастырылады.

Шетелден келген қазақ диаспорасына ұлттық тіліміз бен тарихымызды тереңдете ұғындыру мақсатында қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәндерін оқыту үрдісі басты назарға алынған. Аталған пәндермен бірге математика пәні де негізгі пән ретінде оқытылады.

Қазақ тілі пәнінен ұсынылатын бағдарлама тыңдаушылардың тіл тазалығын сақтай отырып, өз ана тілінде сөйлеу тілін дамыту, ана тілінің қолданылу аясын кеңейту, сонымен қатар қазақ әліпбиінен бастап қазақ тілінің тілдік жүйесін толық меңгертіп, қазақ тілін ресми қарым-қатынас тілі ретінде үйренуіне ықпал етеді. Соның нәтижесінде, тыңдаушылар қазақ тілі пәні арқылы өз ойларын сауатты жазып, дұрыс айтуға, қазақ тілінің тілдік жүйесін лексикалық, грамматикалық, орфографиялық нормаларын жетік меңгеруге үйренеді.

Қазақстан тарихы пәні бойынша тыңдаушыларды халқымыздың салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлтжандылыққа, өз ұлты алдындағы жауапкершілігін сезінетін азаматтық ұстанымын қалыптастыруға баули отырып, еліміздің көне тарихынан бастап қазіргі кезең аралығына дейін жан-жақты, терең мағлұмат береді.

Қазір әр мемлекеттегі білім беру стандарттары әр түрлі екені белгілі. Сол себепті өзге елде орта білім алған талапкерлер бірден біздегі жоғары оқу орындарына түсіп кете алмайды. Міне, осы тұста біздің жоғарғы оқу орны алды дайындық бөлімінің көмегі керек болады. Университет қабырғасында ашылған бұл бөлім шәкірттерді жоғары оқуға дайындап қана қоймай, жаңа қоғамға бейімдеуге ықпал етеді. Бұл жастар күні ертең білікті де білімді мамандарға, ең бастысы отансүйгіш азаматтарға айналып Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосып жатса мақсатымыздың орындалғаны.

Түйіндеп айтқанда, қазақ диаспорасы өкілдеріне білім беріп қана қоймай, олардың қоғамдық-әлеуметтік белсенділігін арттыруға, әлеуметтік және тілдік ортада өзін еркін ұстай білуіне баса назар аудару білім беру орындарының негізгі айқын мақсаттарының бірі болуы керек.

Әдебиеттер

1. Қазақ диаспорасының заманауи эстетикалық және этикалық құндылықтары. Дөңгелек үстел материалдары (Алматы қ., 21 маусым 2013 ж.) / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 216 б. ISBN – 978-601-7082-89-5]
2. Қалымбетова, Э. К. Кәсіпке бейімделу мен кәсіби мәнді құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері: псих. ғылым. канд.дис. автореф.: 19.00.07. – Қорғалды 01.11.05 / Қалымбетова Эльмира Кеңесқызы; Қазақ ұлттық ун-ті. – Алматы, 2005. 3-4 б.
3. <http://www.inform.kz/kaz/article/2258590>